

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын; жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт беру нормаларын; жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге емдік-профилактикалық тағам беру нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1458 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.01.2016 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 762 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 15-бабы 20) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған :

1) Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидалары ;

2) жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт беру нормалары;

3) жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге емдік-профилактикалық тағам беру нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

5

желтоқсандағы

№

1458

қаулысымен

бекітілген

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 15-бабының 20) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерді сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидалар еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті ұжымдарда қолданылады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жеке қорғану құралдары – қызметкерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған құралдар, соның ішінде арнайы киім;

2) ұжымдық қорғану құралдары – екі және одан да көп қызметкерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан бір мезгілде қорғауға арналған техникалық құралдар.

2. Қызметкерлерге сүт және емдік-профилактикалық тағам беру тәртібі

4. Сүт және емдік-профилактикалық тағам (бұдан әрі – ЕПТ) қызметкерлерге өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестациялау нәтижелері бойынша кәсіптік аурулар мен уланудың алдын алу, олардың денсаулығын нығайту мақсатында беріледі.

5. Сүт ұзақтығына қарамастан, әр ауысымға (үзіліс уақытында) химиялық

заттарды өндіруге немесе қолдануға байланысты жұмыстарда қызметкердің нақты жұмыс істеген күндеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормалар бойынша беріледі.

6. ЕПТ белгілеу және беру Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормаларға сәйкес беріледі.

7. ЕПТ жұмыс басталар алдында таңертеңгі ыстық ас түрінде беріледі. Кейбір жағдайларда, ұйымның медициналық-санитариялық бөлімінің, ал ол болмаған жағдайда тиісті аумақтың мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарының келісімімен ЕПТ түскі ас кезінде беруге де болады. Жоғары қысым жағдайындағы (кессондарда, барокамераларда, суда жүзетін жұмыстарда) қызметкерлерге ЕПТ шлюзға өткеннен кейін беріледі.

8. ЕПТ сондай-ақ, толық жұмыс күнін құрылыс, құру-жабдықтау, жөндеу-құру және іске қосу және баптау жұмыстарында өткізетін қызметкерлерге, ЕПТ белгіленген негізгі қызметкерлерге, жөндеу персоналына, ерекше зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін өндірістердегі құрылғыларды тазалауды жүргізетін, жөндеу және консервацияға дайындайтын қызметкерлерге беріледі.

9. Е П Т ж ә н е с ү т :

1) жұмыс істемейтін күндері;

2) демалыс күндері;

3) қызметтік іссапар күндері;

4) өндірістен қол үзіп оқу күндері;

5) ЕПТ көзделмеген басқа жерлердегі жұмыстарды орындаған күндері;

6) жұмысқа уақытша жарамсыз кезеңде берілмейді.

10. ЕПТ өткен уақытқа немесе бірнеше ауысымға алдын ала беруге, сондай-ақ өз уақытында алынбаған ЕПТ үшін өтемақы төлеуге рұқсат етілмейді.

11. Азық-түліктің бір түрін ЕПТ екінші түрімен ауыстыруға ЕПТ беру нормаларында айқындалған азық-түлікті өзара алмастыру нормалары шегінде ж о л беріледі.

12. ЕПТ дайындау және беру негізінде әр күнге мәзір-тарату жасалатын рациондар бойынша ЕПТ-ның таңертеңгі ыстық асының шамамен алты күндік мәзірін таратуға сәйкес жасалады.

13. Мәзірді қызметкерлерге тамақ дайындауды жүзеге асыратын ұйым өндірісінің меңгерушісі құрастырады.

14. Еңбек жағдайының ерекше зияндылығына байланысты жұмыс берушінің есебінен ЕПТ алатын қызметкерлерге сүт немесе оған теңестірілген басқа да азық-түлік берілмейді.

3. Қызметкерлерге арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібі

15. Жеке қорғану құралдары қызметкерлерді жұмысқа қабылдау не оны басқа жұмысқа ауыстыру кезінде не осы құралдарды пайдалану мерзімінің аяқталуына байланысты белгіленген нормада беріледі.

16. Жеке қорғану құралдарын пайдалану мерзімдері күнтізбемен белгіленеді және ол қызметкерге нақты берілген күнінен бастап есептеледі.

17. Жеке қорғану құралдары сертификатталған болуға және де киюге ыңғайлы, қозғалуға бөгет жасамайтын болып, қызметкерлердің өлшемдеріне сәйкес іріктеліп берілуге тиіс.

18. Жеке қорғану құралдары (противогаздар, өздігінен құтқарғыштар, сақтандыру белбеулері, масаханалар, каскалар және де өзге де құралдар) жүйелі түрде сынақтан өткізілуге және олардың дұрыстығы тексерілуге тиіс, қорғаныш қасиеттері төмендеген сүзгіштер, шынылар және де өзге де бөлшектер уақытында ауыстырылуы керек. Тексеруден кейін жеке қорғану құралдарында келесі сынақ мерзімдері туралы белгі (таңба, мөртаңба) қойылуға тиіс.

19. Жұмыс беруші жеке және ұжымдық қорғану құралдарына тиісті күтімді ұйымдастырады, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын алдын-ала өңдеуді, сондай-ақ оларды жөндеуді уақытында жүзеге асырады.

20. Еңбек жағдайлары бойынша қажет болған жағдайда ұйымдарда жеке қорғану құралдарын алдын ала өңдеуге арналған кептіргіштер, камералар мен қондырғылар орнатылуға тиіс.

21. Жеке қорғану құралдарын алдын ала өңдеу және жөндеу қызметкерлер жұмыстан бос уақытта (демалыс күндері) немесе ауысымаралық үзілістер кезінде жүргізілуге тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормалар бойынша қызметкерлерге арнайы киім мен арнайы аяқ киімнің екі немесе үш жинақтамасын беру көзделсе, жеке қорғану құралдарын профилактикалық өңдеу және жөндеу жұмыс уақытында жүзеге асырылуы мүмкін, ал қызметкерлерге осы уақытқа жұмыс берушілерде осы мақсаттарға қажетті мөлшерде болуға тиіс арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің ауысымдық жинақтамалары беріледі.

22. Осы кезеңге белгіленген жұмыс уақыты нормасын толық орындаған қызметкерге сабын берудің айлық нормасы 500 грамнан төмен болмауға тиіс.

23. Ұжымдық қорғаныс, санитариялық-тұрмыстық ғимараттар мен құрылғы жабдықтары өндірістік ғимараттарды жобалау, құрылысын салу және

реконструкциялау кезінде, технологиялық процестерді, машина конструкцияларын, тетіктерді, жабдықтарды және басқа да өнімдерді ескере отырып, ұлттық стандарттарға және құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес кездеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

24. Гардероб, душ, жуынатын, емдік-профилактикалық құралдар, медициналық қобдишалар, дәретхана, жартылай душтарды, ауыз сумен жабдықтау қондырғылары орналасатын орындар, арнайы киімді, арнайы аяқ киімді жылытуға немесе салқындатуға, өңдеуге, сақтауға және беруге арналған, басқа да санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібі мен шарттары ұжымдық шарттарда немесе жұмыс берушінің актісінде айқындалады.

25. Қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін немесе қызметкерге байланысты емес себептер бойынша белгіленген мерзімінен бұрын жарамсыз болып қалған арнайы киім мен арнайы аяқ киім ауыстырылуға тиіс.

26. Маусым басталғанда арнайы киім мен арнайы аяқ киім олар алдыңғы маусымда берілген қызметкерлерге қайтарылуға тиіс.

27. Қызметкерлерге берілген арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа жеке қорғану құралдарын сақтау үшін жұмыс беруші қызметкерлерге құрылыстық нормалар мен ережелер, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес арнайы жабдықталған бөлмелер (гардеробтар) береді.

28. Сақтау кезінде арнайы киім мен арнайы аяқ киім зарарсыздандырылуға, кір мен шаңнан тазартылуға, кептіріліп жөнделуге тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 жылғы 5 желтоқсандағы
№ 1 4 5 8 қаулысымен
бекітілген

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт беру нормалары

1. Сүт бір ауысымға майлылығы 3,2 пайызға дейін 0,5 литрден төмендегідей химиялық заттарды өндіру немесе қолдануға байланысты жұмыстарда қызметкердің нақты жұмыс істеген күндеріне оның ұзақтығына қарамастан беріледі:

1) алифатикалық және алициклдік көмірсутектер (қаныққан және қанықпаған) :

туындылары: диметилді, диэтилді, диизопропилді, дибутилді, винибутилді, дивинилді, монохлордиметилді, дихлордиэтилді, тетрахлордиэтилді, этиленгликолдың, пропиленгликолдің, глицериннің эфирлері, полигликолді эфирлер;

8) фенолды эфирлер: гваякол, гидрохинонның монобензилді эфирі, динил және осы топқа жататын басқалары;

9) органикалық тотықтар және асқын тотықтар: этиленнің, пропиленнің, эпихлоргидриннің тотықтары, изопропилбензолдың гидро асқын тотығы, бензоилдің асқын тотығы, метилэтилкетонның, циклогексанонның асқын тотықтары және осы топтағы қалған құрамдардың өкілдері;

10) тиоспирттер, тиофенолдар және тиоэфирлер: метил және этилмеркаптандар, трихлортиофенол және пентахлортиофенол; 2,4-Д, трихлорфеноксиуксус қышқылы тұзы;

11) қаныққан және қанықпаған альдегидтер және кетондар: ацетальдегид, формальдегид, бензальдегид, акромин, ацетон, бромацетон, хлорацетон, пентахлорацетон, гексахлорацетон, хлорацетофенон және осы қатарға жататын басқалары;

12) органикалық қышқылдар, олардың ангидридтері, амидтері және галогеноангидридтері, малеинді, фталді ангидрид қышқылдары: құмырсқа, сірке, пропион және олардың ангидридтері, нафтенді қышқылдар, хлорлы бензоил, хлорфеноксисірке қышқылы, карбамин қышқылының қоспалары, тиодитиокарбаминді қышқылдар, диметильформаид және осы топтағы басқалары, сондай-ақ diazoкетоны және diaзоэфирлер;

13) күрделі эфирлер: азотталған күкірт, хлорсульфонды, құмырсқа, сірке, пропионді април, метакрил қышқылдары және олардың галоген туындылары;

14) күрделі эфирлер және фосфор қышқылының амидтері: трикрезилфосфат, тиофос, метафос, метилатилтиофос, меркаптофос, метилмеркаптофос, карбофос, М-81, М-74 ДДВФ препараттары, фосфамид, хлорофос, табун, зоман, зарин, октаметил, диэтилхлормонофосфат, метилдихлорфиофосфат, диметилхлортисфосфат және қалғандары фосфорорганикалық улы химикаттар;

15) майлы полиметилден қатарына жататын нитро және амина қосылыстары және олардың туындылары: нитроолефиндер, нитрометан, нитроэтан, нитропропан, нитробутан, нитрофоска, хлорпикрин, нитроциклогексан, метиламин, диметиламин, триметиламин, этиламин, диэтиламин, триэтиламин, этиленимин, полиэтиленимин, полиэтиленполиамин, гексаметилендиамин, этаноламин, циклогексиламин, дициклогексиламин және осы топқа жататын басқалары;

16) майлы полиметилден қатарына жататын нитро және амина қосылыстары: нитробензолдар, нитротолуолы, нитроксилол, динок, диносеб, нитронафталиндер

- , нитрохлорбензолдар, нитрофенолдар, нитро және аминоанизоанилин, ацетонанилин, хлоранимендер, фенилендиаминдер, бензидин, парокфтидин;
- 17) бензохинондар, нафтахинондар, антрахинондар, бензатрен, парабензохинон және дихлорнафтахинон;
- 18) органикалық бояғыштар: антрахинонды, нитро және нитро бояғыштар, азобояғыштар, азинді, 2-метилфуран (силван);
- 19) гетероциклді қосылыстар: фуран, тетрагидрофуран, фурфурол, тиофен, индол, теридин, пиразолан, пурин, пиридинді және пуринді негіздер, пиколиндер никонин қышқылы, диоксандар, пиперидин, морфолин, гексоген, барбитураттар, олардың жартылай өнімдері және осы дәрі-дәрмектерді шығарудағы басқа заттар ;
- 20) алколоидтар: атропин, кокаин, опий, морфин, кадеин, стрихнин, пилокарпин, скополамин, сальсолин, омнопок, папаверин, никотин, анатазин және осы дәрі-дәрмектерді шығарудағы басқалары, сондай-ақ құрамында жоғарыда көрсетілген алколоидтары бар шикізат пен дайын өнімдер (темекі-махорка, сигар және сигарет өндірісі, темекі ферменті);
- 21) б о р с у т е к т і л е р ;
- 22) галогендер және галоген туындылар: фтор, хлор, бром, иод, хлорлы, бромды, фторлы сутегі, плавикті, кремний фторлы сутегі қышқылдары, фтор тотығы, хлордың тотығы және хлор тотығының екі есе тотығы, хлордың троифториді, хлорлы йод, көмірсутегінің хлорлы тотығы (фосген);
- 23) күкірт қосылыстары: күкірт сутегі, күкірт көміртегі, хлорлы сульфон қышқылы, күкірттің хлорангидридтері, күкіртті және күкірт ангидридтері;
- 24) селен және оның қосылыстары: селенді ангидрид, селенді қышқыл, олардың тұздары, селеннің хлорлы тотығы, селеннің органикалық қоспалары;
- 25) теллур және оның қоспалары;
- 26) азот қосылыстары: гидразин және оның туындылары, азоттың тотығы, азот қышқылы, натрийдің азиді, аммиак, натрийдің нитриті, хлорлы азот, хлорлы н и т р о з и л , г и д р о к с и л а м и н ;
- 27) сары (ақ) фосфор және оның қосылыстары: фосфорлы ангидрид, фосфор қы ш қ ы л ы және оның тұ з д а р ы ;
- 28) мышьяк және оның қосылыстары: мышьякты және мышьяқтың ангидридтері, кальцийдің арсениті, натрийдің арсениті, осарсол иприт;
- 29) сурьма және оның қосылыстары: сурьмалы және сурьманың ангидридтері , сурьмалы сутегі, сурьманың хлоридтары;
- 30) цианидтер: цианды сутегі, натрий мен калийдің цианидтері, дициан, хлорциан, бромциан, кальцийдің цианидиді, цианурхлорид, цианды бензил;
- 31) нитролдар: ацетонитрол, ацетонциангидрид, акрилонитрил, этиленциангидрин, бензонитрил және басқалары;

- 32) изоциананттар, фенилизоцианат, гексаметилендиизоцианат, толуилендиизоцианат және басқалары;
- 33) кремнийдің құрамдарында аэрозол түріндегі 10% жоғары кремнийдің еркін кристалды екі топтық тотықтары бары;
- 34) сынап және оның органикалық емес және органикалық қоспалары: металды сынап, сынаптың цианиді, сынаптың нитраты, шытырлауық сынап, диметил сынабы, этилмеркурхлорид, этилмеркурфосфат, диэтил сынабы, хлор фенол сынабы, меркурацетат, меркураан және сынаптың басқа қоспалары;
- 35) марганец және оның қосындылары: марганецтің, сульфаттың, хлорлы марганецтің тотықтары, оның қалған қоспаларының аэрозолдары;
- 36) бериллий және оның қоспалары: бериллий тотығы, гидрат бериллийдің тотығы, бериллийдің хлориді, фтор бериллий тотығы және қалған бериллий қоспаларының қалдығы;
- 37) таллий және оның қоспалары: таллийдің хлориді, таллийдің сульфаты, таллийдің ацетаты, таллийдің нитраты, таллийдің карбонаты және басқалар;
- 38) титан және оның қоспалары;
- 39) ванадий және оның қоспалары: үш тотықты, бес тотықты ванадий, аммонийдің, натрийдің және кальцийдің ванадаттары, ванадийдің хлоридтері;
- 40) хром және оның қоспалары: үш тотықты хром, хромның тотығы, хромдық квасцылар, натрийдің бихроматы және басқалары;
- 41) молибден және оның қоспалары: үш тотықты молибден, аммоний молибдені;
- 42) никель және оның қоспалары: никельдің шала тотығы, никель тотығы, шала тотықты никельдің гидраты;
- 43) метанол;
- 44) қалайы органикалық, бор органикалық және кремний органикалық қоспалары;
- 45) қорғасын және оның қоспалары;
- 46) металл: никель, кобальт, марганец карбонилдері;
- 47) литий, цезий, рубидий, қалғандары қышқылды жер элементтері және олардың қоспалары;
- 48) жерде сирек кездесетін элементтер (лантанидтер) және олардың қоспалары;
- 49) кадмий оксидтері және олардың қоспалары;
- 50) антибиотиктер: биомицин, тетрацилин, синтомицин, левомоцитин және басқалары;
- 51) микробиологиялық тектілердің компоненттері: бактериялы токсиндер, микротоксиндер, бір клеткалы балдырлар және басқалары;
- 52) қатты әсер ететін А және Б тізіміндегі улы заттарды өндіретін аэрозолдар;

53) өндірістегі күлдің барлық түрі;
54) пестицидтер;

55) темір кенін және оны байытушыларды, кокс, көміртегі, әк және оны күйдіру, кокстау және жартылай кокстауды өндіру;

56) димитил сульфид, қаныққан моноэтанолламин, метиланилин-N, дихлорэтан, метил үшбутилді эфир (МҮБЭ), 1-агидол, мұнай тобы, мұнай өнімдерін өңдеу.

2. Түсті металдардың бейорганикалық қосылыстарымен жұмыс істейтін қызметкерлерге сүтке қосымша 2 грамм пектин онымен байытылған азық-түлік өнімдері түріндегі: сусындар, желе, джем, мармелад, жеміс және (немесе) шырындары және консервілер (пектиннің нақты құрамын дайындаушы зауыт көрсетеді) беріледі.

Бұл өнімдерді 300 миллилитр жұмсағымен табиғи жеміс және (немесе) көкөніс шырындарымен ауыстыруға болады.

Түсті металдардың бейорганикалық қосылыстарымен ұдайы байланыста болғанда сүттің орнына ашытылған сүт өнімдері немесе зиянды еңбек жағдайларында емдәмдік (емдік және профилактикалық) тамақ өнімдері беріледі.

Пектинмен байытылған азық-түлік тағамдарын, сусындар, желе, джем, мармелад, жемістер мен (немесе) көкөністен жасалған шырын өнімдерін және консервілер беру жұмыс басталар алдын, ал ашытылған сүт өнімдерін – жұмыс күнінің ішінде ұйымдастырылуға тиіс.

3. Антибиотик өндірумен немесе өңдеумен айналысатын қызметкерлерге сүттің орнына пробиотиктермен (бифидобактериялар, қышқыл сүт бактериялары) байытылған, немесе қаймағы алынбаған сүттен жасалған ашытылған сүт өнімдері беріледі.

Сүтті қаймақпен, сары май, басқа да өнімдермен (қызметкерлерге сүттің орнына беруге болатын тең бағалы азық-түлік өнімдерін тегін беру нормаларында көзделген тең бағалылардан басқа) ауыстыруға, сондай-ақ сүтті немесе басқа да азық-түлік өнімдерін бір немесе бірнеше ауысым алдын немесе өткен ауысымдар үшін беруге жол берілмейді.

Сүтті тең бағалы азық-түлік өнімдерімен ауыстыруға қызметкерлердің келісімімен және бастауыш кәсіподақтар ұйымының немесе қызметкерлердің өзге де өкілетті органының пікіріне қарай ауыстыруға жол беріледі.

Сүттің орнына қызметкерлерге беруге болатын тең бағалы азық-түлік өнімдерін тегін беру нормалары кестеде көрсетілген.

Р/с №	Азық-түлік өнімдерінің атауы	Әр ауысымға беру нормасы
1	2	3
	Ашытылған сұйық сүт өнімдері, оның ішінде байытылған, құрамында 3,5 %-ға дейін майы бар (түрлі сұрыптағы айран, қатық,	

1	ацидофилин, майлы айран), құрамында 2,5 %-ға дейін майы бар йогурттар	500 грамм
2	Майлылығы 9 % аспайтын сүзбе	100 грамм
3	Майлылығы 24 % аспайтын ірімшік	60 грамм
4	Зиянды еңбек жағдайларында емдәмдік (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған өнімдер	Оларды қолдануға рұқсат беретін қорытындыларда белгіленеді

4. Сүт немесе соған тең бағалы басқа да азық-түлік өнімдері (айран, қатық, мацони және басқалар) I және II сыныпты жұмыстарда радиобелсенді заттар ашық түрде қолданылатын жұмыспен айналысатын қызметкерлерге және жылына 1м^3 в артық иондаушы сәулелеу әсері жағдайында жұмыспен айналысатын қызметкерлерге беріледі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

5

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

1 4 5 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге емдік-профилактикалық тағам беру нормалары

1. Емдік-профилактикалық тағам (бұдан әрі – ЕПТ) аса зиянды еңбек жағдайларына байланысты ЕПТ бес рационна сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен беріледі:

№ 1 рацион (күнделікті норма граммен):

Қара бидай наны	100	Қаймақ	10
Бидай ұны	10	Ірімшік	20
Картоп ұны	1	Сары май	20
Жармалар, макарондар	25	Өсімдік майы	7
Бұршақ	10	Картоп	160
Қант	17	Қырыққабат	150
Ет (даяр күйінде)	70	Көкөніс	90
Балық (даяр күйінде)	20	Томат-пюре	7
Бауыр (даяр күйінде)	30	Жаңа піскен жемістер	130
Жұмыртқа	3/4 д.	Мүкжидек (лимон)	5
Айран	200	Кептірілген нан	5
Сүт	70	Тұз	5
Сүзбе	40	Шай	0,4

Химиялық құрамы мен қуаты: ақуыздар – 59 грамм (бұдан әрі – г.), майлар – 51 г., көмірсулар – 159 г. Қуаты – 1380 ккал.

Рационға қосымша 150 миллиграмм (бұдан әрі – мг.) аскорбин қышқылы беріледі.

Ескертпе: ЕПТ (№ 1 рацион) келесі өндірістерде негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен шеберлерге беріледі:

1) уран мен торий радиоактивтік тұздар өндірісі (азотқышқылды уранил, сіркеқышқылды, күкіртқышқылды, хлорлы және сіркеқышқылды, азотқышқылды ураниламмоний, уран тотығы, азотқышқылды торий, сіркеқышқылды хлорлы, көмірқышқылды, қымыздыққышқылды, күкіртқышқылды және т.б.);

2) тау-кен байыту комбинаттарында лопарит концентраттары өндірісі:

жер астындағы жұмыстар;

жер үстіндегі жұмыстар;

рудаларды байыту;

3) лопарит концентраттарды өндіру (зертханада);

4) радиоактивті заттармен және ионды сәуле таратушы көздермен жұмыстар:

уран мен торий рудаларын шығару және өңдеумен (жүк тиеу жұмыстары мен сақтауды енгізгенде); уран, торий, тритий, радий, торий-228, радий-228, актиний-228, полоний, трансуран элементтерін, кәсіпорындар мен тәжірибе өндірісі мен қондырғыларындағы уран мен торийдың бөліну өнімдерін өндіру және өңдеумен тікелей айналысатын жұмысшылар;

өндірістік, энергетикалық, көлік және тәжірибе-өндірістік ядролық реакторлармен, қуаты 0,5 кВт рентген сәулесін тудыратын жабдықтармен тікелей айналысатын жұмысшылар;

жұмыс орындарында белсенділігі 1 милликюриден асатын нейтрон көздер (радий-берилий, полоний-берилий және өзге де ерекше жоғары радио уытты радиоактивті заттар негізіндегі нейтрон көздер) дайындаумен тікелей айналысатын жұмысшылар;

радий, торий-228, радий-228, актиний-228, ашық түрдегі полонийді пайдалануда тұрақты әсері бар радиоактивтік жарық құрамын өндірумен тікелей айналысатын жұмысшылар;

жұмыс орнында көз белсенділігі 1 миликюриден жоғары болатын радий манаңиясын айырып алумен айналысатын жұмысшылар;

зертханалық және радий, торий-228, радий-228, актиний-228, полоний, плутоний, уран 233-235, стронций-90, цезий-137, церий-144, уранның ажырау өнімдерінің бөлінбеген қоспасын жұмыс орнында 1 миликюриден артық мөлшерде ашық түрде қолданатын басқа жұмыстармен айналысатын жұмысшылар.

№ 2 рацион (күнделікті норма граммен):

Бидай наны	150	Балық (даяр күйінде)	25
Қара бидай наны	-	Бауыр (даяр күйінде)	25

Бидай ұны	15	Сары май	15
Жармалар, макарондар	40	Сүт (айран)	200
Картоп	100	Ірімшік	25
Көкөніс	150	Жұмыртқа	1/4 д.
Көк бұршақ	10	Тұз	5
Томат-пюре	2	Шай	0,5
Қант	35	Дәмдеуіштер қажетіне қарай 1 г.	
Өсімдік майы	13	Ет (даяр күйінде)	150

Химиялық құрамы мен қуаты: ақуыздар – 63 г., майлар – 50 г., көмірсулар – 185 г. Қуаты – 1481 ккал.

Рационға қосымша:

фтор қоспаларымен жұмыс істегенде – 2 мг. ретинол, 150 мг. аскорбин қышқылы;

сілтілі металдармен, хлор және оның бейорганикалық қоспаларымен және азот тотықтарымен жұмыс істегенде – 2 мг. ретинол, 100 мг. аскорбин қышқылы; фосгенмен жұмыс істегенде – 100 мг. аскорбин қышқылы беріледі.

№ 2 а рацион (күнделікті норма граммен):

Бидай наны (II сорт ұн)	100	Сүт, айран, қатық	156
Қара бидай наны (қара бидай ұны)	100	Шай	0,1
Бидай ұны	6	Қант	5
Жарма (ақталған тары, қарақұмық, күріш)	15	Өсімдік майы	20
Картоп	120	Сары май	13
Көкөніс	274	Ет (даяр күйінде)	81
Жемістер мен шырындар	73	Бауыр, жүрек (даяр күйінде)	40
Кепкен жемістер	7	Қаймақ (майл. 30%)	32
Сүзбе (майл. 11%)	70	Тұз	4

Химиялық құрамы мен қуаты: ақуыздар – 52 г., оның ішінде малдың – 34 г., майлар – 63 г., оның ішінде өсімдік – 23 г., көмірсулар – 156 г., амин қышқылдары: триптофан – 0,6, метионин+цистин – 2,4, лизин – 3,2, фенилаланин+тирозин – 3,5, гистидин – 1,2. Қуаты – 1370 ккал.

Рационға қосымша 100 мг. аскорбин қышқылы, 2 мг. ретинол, 15 мг. никотин қышқылы, 25 мг. витамин (метилметионинсульфоний хлориды), 150 мл. минералды суы беріледі.

Ескертпе: ЕПТ (№ 2, 2а рациондары) келесі өндірістерде негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен шеберлерге беріледі:

- 1) күкірт қышқылы өндірісі;
- 2) сұйық хлор өндірісі;
- 3) хлорлы әк өндірісі;
- 4) хлорлы темір өндірісі;

- 5) хлорлы алюминий өндірісі;
- 6) фосген өндірісі;
- 7) бертолет тұзы өндірісі;
- 8) фторлы натрий өндірісі;
- 9) фторлы сутегі мен оның су ерітінділерінің өндірісі;
- 10) калий тетрафторборат өндірісі;
- 11) құрамында хромы бар шикізаттан күкіртті натрий өндірісі;
- 12) таллий қолданумен монокристалл өндірісі;
- 13) хлорпикрин өндірісі;
- 14) фосген арқылы сірке ангидридін өндірісі;
- 15) кетен арқылы сірке ангидридін өндірісі;
- 16) құрамында хром бар рудаларды шығару және өңдеу;
- 17) құрамында фтор бар тұздар және тұз-реактивтер өндірісі (кремний фтор сутекті алюминий, фторлы, сусыз алюминий, кремний фтор сутекті калий, фторлы титан-аммоний, фторлы магний, кремний фтор сутекті натрий, кремний фтор сутекті қышқыл, фторлы литий, фторлы натрий және фторлы калий):
- 18) хром және тұздар-реактив өндірісі (азоттықышқыл хром, гидрат тотығы, күкіртқышқылды, хлорлы, сіркеқышқылды);
- 19) теобромин, фенилацетамид, цианды бензил өндірісі;
- 20) бериллий өндірісі (оның ішінде бериллий гидрототығы, бериллий тотығы, металл бериллий және одан жасалған бұйымдар өндірісіндегі жұмыстармен тікелей айналасатын жұмыскерлерге беріледі);
- 21) Темір никель және кадмий никель (сілті) аккумуляторлар өндірісі;
- 22) Алюминий термиялық тәсілмен металл хромды және құрамында хром бар қорытпалар өндірісі.

№ 3 рацион (күнделікті норма граммен):

Бидай наны	100	Картоп	100
Қара бидай наны	100	Дәмдеуіштер қажетіне қарай	
Бидай ұны, макарон өнімдері	15	Томат-пюре	5
Жарма	35	Жемістер	100
Мал майы	10	Қант	35
Сүт және басқа ашыған сүт өнімдері	200	Тоң май	5
Сүзбе (майл. 18%)	80	Ет (даяр күйінде)	100
Жұмыртқа	1/3 д.	Балық (даяр күйінде)	25
Бауыр (даяр күйінде)	20	Тұз	5
Көкөніс	160	Шай	0,5

Көкөністі (термиялық өңдеуге жатпаған) салат, винегрет және т.б. түрлерінде беру міндетті.

Химиялық құрамы мен қуаты: ақуыздар – 64 г., майлар – 52 г., көмірсулар –

1 8 8 г . Қ у а т ы – 1 4 6 6 к к а л .

Рационға қосымша 150 мг. аскорбин қышқылы, 2 г. пектин немесе 300 мл. жұмсағымен шырын.

Ескертпе: ЕПТ (№ 3 рацион) керамикалық бояғыш зат өндірісінде негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен шеберлерге беріледі:

ЕПТ (№ 3 және 2, 2а рациондарын апта сайын алмастырып отыру керек) келесі өндірістерде негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен шеберлерге беріледі:

- 1) қорғасын глет және жоса өндірісі;
- 2) қорғасын сары бояу өндірісі;
- 3) қорғасын ақ бояу өндірісі;
- 4) ветерилді мырыш ақ бояу өндірісі;

5) қорғасын және тұздар-реактив өндірісі (хромқышқылды қорғасын, хлорлы қорғасын, екі тотықты қорғасын, темір қорғасын таяқшалары, йодты қорғасын, қымыздық қышқылды қорғасын, түйіршектелген қорғасын, қорғасын асқын тотығы, азоттықышқыл қорғасын, қорғасын тотығы, роданды қорғасын, күкіртқышқылды қорғасын, сіркеқышқылды қорғасын, күкіртті қышқылды қорғасын, қорғасын фталаты, көмірқышқылды қорғасын);

6) қорғасын мен қалайы өндірісі: қорғасын мен қалайы рудаларды, концентраттарды (агломератты) балқыту, қорғасын, қалайы және құрамында қорғасын бар қорытпаларды тазарту; қорғасын-қалайы рудаларын байыту;

7) мыс рудаларды, концентраттарды (агломератты) және құрамында қорғасыны бар басқа материалдарды балқыту және өңдеу;

8) қорғасын (қышқыл) аккумуляторлар өндірісі.

№ 4 рацион (күнделікті норма граммен):

Бидай наны	100	Ет (даяр күйінде)	100
Қара бидай наны	100	Балық (даяр күйінде)	50
Бидай ұны	15	Сары май	15
Жарма, макарондар	15	Сүт (айран)	200
Картоп	150	Қаймақ	20
Көкөніс	25	Сүзбе	110
Томат-пюре	3	Жұмыртқа	1/4д.
Қант	45	Тұз	5
Өсімдік майы	10	Шай	0,5

Химиялық құрамы мен қуаты: ақуыздар – 65 г., майлар – 45 г., көмірсулар – 1 8 1 г . Қ у а т ы – 1 4 2 8 к к а л .

Рационға қосымша 150 мг. аскорбин қышқылы; мышьяк, фосфор, сынап пен теллурдың қоспаларымен жұмыс істейтіндерге – 4 мг. тиамин беріледі.

№ 4а рацион (күнделікті норма граммен):

Бидай наны	210	Жеміс, жидек, шырындар:	
Бидай ұны	5	Алма	108
Қатырлақ нан	3	Өрік	34
Жарма:		Қант	8
Арпа	7	Өсімдік майы	12
Күріш	10	Ет	110
Вермишель	5	Сары май	7
Картоп	213	Сүт	57
Көкөніс:	242	Қаймақ	23
Қырыққабат	58	Сүзбе	50
Көк бұршақ	18	Жұмыртқа	1
Қызылша	48		
Басты пияз	13		
Сәбіз	88		
Томат-паста	5		
Дәмдеуіш-шөптер	12		

Химиялық құрамы мен қуаты: ақуыздар – 52 г., оның ішінде малдың – 26 г., майлар – 41 г., оның ішінде өсімдік – 15 г., көмірсулар – 206 г. Қуаты – 1342 ккал

Рационға қосымша 100 мг. аскорбин қышқылы және 2 мг. тиамин беріледі.

№ 4 б рацион (күнделікті норма граммен):

Бидай наны	75	Алма	10
Қара бидай наны	75	Жеміс шырындары	60
Бидай ұны	16	Қант	15
Жарма (тары, күріш, қарақұмық және т.б.)	10	Өсімдік майы	13
Макарон өнімдері	8	Сары май	18
Картоп	170	Сиыр еті (даяр күйінде)	74
Көкөніс:		Тауық еті (даяр күйінде)	37
Қырыққабат	100	Бауыр (даяр күйінде)	20
Сәбіз	82		
Қызылша	19	Балық (даяр күйінде)	40
Дәмдеуіш-шөптер	20		
Шалғам, тұрып	12	Сүт	142
Қияр	10	Қаймақ	28
Басты пияз	27	Сүзбе	40
Жұмыртқа	10	Томат-пюре	8
Лимон	1	Шай	0,1

Химиялық құрамы мен қуаты: ақуыздар – 56 г., оның ішінде малдың – 32 г., майлар – 56 г., оның ішінде өсімдік майы – 16 г., көмірсулар – 164 г., оның ішінде моно және дисахаридтар – 46 г., органикалық қышқылдар – 3,2 г., аминокышқылдар; глютамин – 11,6, цистин+метионин – 2,2 г. Қуаты – 1380 ккал.

Рационға қосымша тиамин – 2 мг., рибофлавин – 2 мг., пиридоксин – 3 мг., ниацин – 20 мг., аскорбин қышқылы – 100 мг., токоферол – 10 мг., глютамин қышқылы – 500 мг. беріледі.

ЕПТ (№ 4, 4а, 4б рациондары) келесі өндірістерде негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен шеберлерге беріледі:

- 1) фосфор қышқылы өндірісі;
- 2) фосфорлы кальций өндірісі;
- 3) фосфорлы ангидрид өндірісі;
- 4) сары және қызыл фосфор өндірісі;
- 5) балқытылған фосфорлы шлактан жасалатын құрылыс заттарының өндірісі (ұсақ тас, пемза, мақта және т.б.);
- 6) бес күкіртті фосфор өндірісі;
- 7) металл фосфидтері өндірісі (мырыш, мыс және басқа);
- 8) суперфосфат, фторсыздалған фосфат, күрделі-аралас және күрделі тыңайтқыштар өндірісі;
- 9) аммофос өндірісі;
- 10) үшхлорлы фосфор және хлортотық фосфор өндірісі;
- 11) екі тотық хлор өндірісі;
- 12) кальций карбид өндірісі;
- 13) теллур өндірісі;
- 14) селен өндірісі - құрамында селен бар шламдарды байыту;
- 15) ванадий бес тотығы негізінде катализатор өндірісі;
- 16) аэросил өндірісі;
- 17) ақ күйе өндірісі;
- 18) техникалық асбест заттар өндірісі (тоқыма цехтары);
- 19) бейорганикалық өнімдер. Натрий монохроматы, хромдық ангидрид, хромдықилегіш, калий және натрий хромпикасы, хром тотығы, жерасты суларын хромнан тазарту;
- 20) хлорбензол, дихлорбензол, трихлорбензол, тетрахлорбензол, гексахлорбензол өндірісі;
- 21) эфирхлоргидрин өндірісі;
- 22) диносеб гербициді өндірісі;
- 23) бензолдан, хлорбензолдан және бензолдық басқа туындыларынан фенол өндірісі;

24) таза ванадий бестотығында фталдық ангидрид өндірісі (қойылтылған катализаторда);

25) төртхлорлы көміртегі өндірісі;

26) дихлорэтан өндірісі;

27) үшхлорэтан өндірісі;

28) гексахлорэтан өндірісі;

29) фенилэтил спирт өндірісі;

30) гербицид өндірісі;

31) өндіріс жабық ғимаратта болғанда ғана этилбензол өндірісі;

32) аралас улағыш өндірісі;

33) этил сұйықтығының өндірісі;

34) хлорпарафин өндірісі;

35) пенаторопласт өндірісі;

36) стирол, альфаметилстирол, дивинилстирол каучуктер мен латекстер, дивинилметилстирол, хлорпрен каучук, ацетилен (табиғи газдан) өндірісі;

37) бутилкаучук өндірісі (хлорлы метил ортада);

38) хлорвинил, оның негізінде сополимерлер, полихлорвинил шайыр өндірісі;

39) талшықты және асбест прессматериалдар өндірісі;

40) техникалық бензил спирт өндірісі;

41) контактілі қалыптау әдісімен және механикалық тәсілмен шыны пластиктер өндірісі;

42) апатит-нефелин рудаларды шығару және өңдеу;

43) құрамында фосфор бар тұздар және тұз-реактивтер өндірісі (фосфорлыватисті қышқыл аммоний, екі рет қосылған фосфорлы қышқыл барий, бесхлорлы фосфор);

44) аэрофлоттар өндірісі (ксиленондық, крезолдық, калийбутилдық);

45) аминөнімдер-реактивтер өндірісі (п-аминоацетофенон, аминазо-бензол-пара, амидол, аминафенол-пара негізі, аминафенол-мета мен орто, анизидин-пара, тұз қышқылды анилин, антразо, тиоглеколь қышқылды анирид, ацетил-дифениламин, бензиламин, бутиламин, диазоаминобензол-пара, ортоданизидин, диметиламиноазобензол-пара, диметиламинобензальдегид-пара, тұз қышқылды диметилпарафенилендиамин, тұз қышқылды диметиланилин, дипикриламид, диэтиламин және оның тұздары, 2, 6-дихлорфенолиндифенолин, диэтиламин және оның тұздары, нитродифениламин, пропиламин, сульфанил қышқылы, стильбазо, толуидин тионалид, триптофан, фенилгидразин негізі, тұз қышқылды фенилгидразин, фенилендиамин-пара және оның тұздары, тұз қышқылды этиламин, дитиоанилин, азобензол, анилин, күкіртқышқылды анилин, сіркеқышқылды анилин, күкіртқышқылды аминафенол-пара, диметиланилин, дифенил-несеп, тұз қышқылды диметиламин, тұз қышқылды метиламин,

альфанафтамин, бетанафтохинон, альфанафтохинон, толидин-орто, толуидин-орта, -мета, -пара, толуилендиамид-мета, тұз қышқылды фенилгидразин, толуидин, хлоргидрат, стильбен, ацетнафталид-альфа, ацетофенон, бензо-хлор-2, 4-дихлоранилид, диметилпарафенилендиамин сульфат, барий және натрий ифениламиносульфонаты, дифенилкарбазид, диэтилпарафенилендиамин сульфаты, 2, 6-дибромфенолиндофенол, дибромфенилгидразин, дибутиламин, диметглиоксим, фенилгидрооксиламин, к у п ф е р о н) ;

46) промедол, фенацетин, аминазин, пропазин өндірісі;

47) нитрохлоракридин, аминохинол, трихомонацид, азидин, димеколин мен фосфакол фепраноны, армин және миотикалық дәрілер ерітінділерінің өндірісі;

48) оксиметил қоспаларының өндірісі;

49) наганин, карбохолин, прозерин өндірісі;

50) ампуладағы медициналық хлорэтил өндірісі;

51) к у т и з о н ө н д і р і с і ;

52) с ы н а п ө н д і р і с і ;

53) экономиканың қорғасын мырыш және мыс саласында, кендер немесе жыныстар құрамында 10 пайыз және одан да көп бос кремний екі тотығы бар кендерде (шахталарда) жер астында тау-кен қазу, дайындау және тазалау жұмыстары ;

54) экономиканың қорғасын мырыш және мыс саласындағы кендер мен шахталарында құрамында кремний екі тотығы 10 пайыздан артық болған кендерді шығару және өңдеу ; жер астындағы тау-кен жұмыстары ; к е н і ш т е р д і ө н д е у ;

55) сынап толтырылған газдан айыру құралдары және сынап түзеткіштер ө н д і р і с і ;

56) арнайы химия ток көздері өндірісі (сынап, қорғасын және олардың қоспаларын пайдаланумен байланысты жұмыстарда);

57) фенолоформальдегид, анилиноформальдегид, полиэфирноэпоксид, полиэфиримидоэпоксид лактар, шайыр және компаунд өндірісі;

58) қабатты пластиктер, орауыш заттар мен профильді пластиктер өндірісі;

59) миканиттер, слюдопласттар, слюдоониттер және кремний органикалық, полиэфирэпоксид және полиэфиримидоэпоксидтағы жұқа шыны мата;

60) жоғары атмосфералық қысым жағдайларындағы жұмыстар: кессондардағы жұмыстармен тікелей айналысатын барлық жұмысшылар, инженер-техникалық жұмысшылар мен қызметшілер; жеңіл жабдықталған құтқарушы қызметі сүңгуірлерінен басқа су астындағы-техникалық, құрылыс-монтаж және жөндеу жұмыстарымен

а й н а л ы с а т ы н

с ү н г у і р л е р ;

теңіз өнімдерін (трепанг, мидий, балдырлар және басқа) шығарумен

а й н а л ы с а т ы н

с ү н г у і р л е р ;

емдеу барокамераларында тікелей жұмыс істейтін дәрігерлер, орта медициналық қызметкерлері және инженер-техникалық жұмысшылар;

61) болат балқыту және феррокорытпа өндірісі.

ЕПТ (№ 3 және 4 рациондары апта сайын алмастырып отыру керек) электр көмір заттар өндірісінде негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен шеберлерлерге беріледі.

№ 5 рацион (күнделікті норма граммен):

Бидай наны	100	Ет (даяр күйінде)	100
Қара бидай наны	100	Балық (даяр күйінде)	35
Бидай ұны	3	Бауыр (даяр күйінде)	25
Жарма мен макарондар	20	Сары май	17
Картоп	125	Сүт (айран)	200
Көкөніс	100	Қаймақ	10
Томат-пюре	2	Сүзбе	35
Қант	40	Жұмыртқа	1
Өсімдік майы	15	Тұз	5
Шай	0,5		

Химиялық құрамы мен қуаты: ақуыздар – 58 г., майлар – 53 г., көмірсулар – 172 г. Қу а т ы – 1438 к к а л .

Рационға қосымша 150 мг. аскорбин қышқылы және 4 мг. тиамин беріледі.

Ескертпе: ЕПТ (№ 5 рацион) келесі өндірістерде негізгі технологиялық процеспен, жөндеу және жабдықтарға қызмет көрсетумен толық жұмыс күні айналысатын жұмысшылар мен шеберлерге беріледі:

- 1) хлорлы барий өндірісі;
- 2) хром және марганец негізіндегі катализаторлар өндірісі;
- 3) жасанды марганец қос тотығының өндірісі;
- 4) қалайы органикалық қоспалар өндірісі;
- 5) экстралин өндірісі;
- 6) керосин пиролизы, пирогаз бөлу және тазарту өндірісі;
- 7) хлорлы этил, трихлорэтилен мен изопропил спирт өндірісі;
- 8) этилен тотығы және оның туындылары этилцеллозольва, хлорекс, этиленгликоль өндірісі;
- 9) ацетальдегид өндірісі;
- 10) синтетикалық, дивинилнитрил, полизопрен және полибутадиен каучук (СКБ, СКН, СКИ-3, СКД) өндірісі;

- 11) полиизобутилен өндірісі;
12) химиялық талшықтар өндірісі;
13) құрамында берилий бар тұздар және тұз-реактивтер өндірісі (азотқышқылды берилий, берилий тотығы, күкірттіқышқыл берилий, көмірқышқылды берилий, сіркеқышқылды берилий, хлорлы берилий, фторлы берилий фторлы аммония бериллаты);
14) марганец және тұздар -реактив өндірісі (көмірқышқылды марганец, асқын тотық, екітотық, азоттықышқыл, күкіртқышқылды);
15) үш фторлы бор мен оның негізіндегі өнімдер өндірісі;
16) гальваникалық элементтер және батареялар өндірісі марганец рудасын өңдеу және агломераттар дайындау.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰкіметінің 2012.11.05 № 1401 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

2. Азық-түліктің бір түрін екінші түрімен ауыстыруға осы Нормалардың 1-қосымшасына сәйкес азық-түлікті өзара алмастыру нормалары шегінде рұқсат етіледі .

3. ЕПТ таңертеңгі ыстық тамақ мәзірін тарату рациондар бойынша ЕПТ таңертеңгі ыстық тамақтың шамамен алты күндік мәзірін тарату осы Нормалардың 2-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

4. Өртүрлі санаттағы қызметкерлерге өндіріс сипаттамасына байланысты витаминдер беру тамақтану рационын витаминдермен байыту схемасы бойынша осы Норманың 3-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

А, В1, В2 витаминдері қара және түсті металлургия өндірістерінің (домна өндірісі, илемдеу және құбыр өндірісі) негізгі технологиялық процесімен айналысатын жұмысшыларға беріледі.

В және С витаминдері темекі, шылым, сигарет, сигара, шегетін және иіскейтін махорка және темекіні ферментациялаумен (темекі-махорка өндірісі) тікелей айналысатын жұмысшылар мен мамандарға беріледі.

С және РР витаминдері нан пісіру өндірісі (жидіту агрегатының машинисі, нан пісіруші) жұмысшыларына беріледі.

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге емдік-профилактикалық тағам беру нормаларына 1-қосымша

**Емдік-профилактикалық тағамның
таңертеңгі асын даярлау кезінде азық-түлікті
өзара алмастыру нормалары**

Алмастырылатын азық-түліктің атаулары	Салмағы килограммен (брутто)	Алмастыруға болатын азық-түліктің атаулары	Баламалы салмағы килограммен (брутто)
1	2	3	4
Ет (сиыр еті)	1	Кесілген шошқа еті	1
Ет (сиыр еті)	1	Арық қой еті	1
Ет (сиыр еті)	1	Жаңа ауланған балық	1,5
Ет (сиыр еті)	1	Балықтың жон еті	0,75
Жұмыртқа (қабықсыз)	1	Жұмыртқа үгіндісі	0,278
Қаймағы алынбаған сүт	1	Қантсыз қойыртылған пастерленген сүт	0,45
Қаймағы алынбаған сүт	1	Қаймағы алынбаған құрғақ сүт	0,13
Қаймағы алынбаған сүт	1	Айран	1
Қаймағы алынбаған сүт	1	Ацидофилин	1
Қаймағы алынбаған сүт	1	Қатық	1
Сүзбе (жаңа жасалған)	1	Кептірілген сүзбе	0,35
Сүзбе (жаңа жасалған)	1	Ірімшік (майл. 30%)	0,5
Сарымай	1	Еріткен май	0,85
Өсімдік майы	1	Өсімдік маргарины	1
Ірімшік	1	Сүзбе	2
Қаймақ	1	Сары май	0,25
Бұршақ	1	Қарақұмық жармасы	1
Әр түрлі жарма (қарақұмықтан басқа)	1	Әр түрлі жарма, бұршақта	1
Жаңа піскен картоп	1	Кептірілген картоп	0,2
Жаңа піскен көкөніс	1	Кептірілген көкөніс	0,1
Жаңа піскен жеміс, жидек	1	Жеміс шырындары	1
Жаңа піскен жеміс, жидек	1	Кептірілген жеміс	0,25

Ескертпе: сиыр етін шошқаның, қойдың семіз еттерімен, құс етімен, тұздалған етпен, балықпен, май шабақпен және қақталған балықпен алмастыруға болмайды.

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге емдік-профилактикалық тағам беру нормаларына
2-қосымша

Нан, шай		100										10
5-ші күн												
Маринадтал ған қызылша жасыл бұршақпен	82			50					92			3
Строгандық бауыр	690			5		260				15	10	
Сүзбе сүтпен	485											10
Жеміс												
Айран												
Нан, шай		100										10
6-шы күн												
Винегрет	76					60	30	25	40			
Тефтельмен вермишель	726			13	70					29	17	
Ірімшікпен жұмыртқа ботқасы	506											
Жеміс												
Айран												
Нан, шай		100										10
6 күнге жиыны		600		60/6	150/60	960	900	-	475	-	72	104
1 күнге дөңгелекте лген		100		10/1	25/10	160	150	-	90	-	12	17

кестенің жалғасы

Азық-түлік граммен												
Мәзір	Өсімдік майы	Мал майы	Қаймақ	Ірімшік	Сүзбе	Жұмыртқа	Сыыр еті	Балық	Бауыр	Сүт	Жеміс	Мүкжидек
1-ші күн												
Қырыққа бат салаты	11											7,5
Қаймақтағы бауыр		15	15						99			
Сүзбе пудингі		10	5		90	0,25 шт						15
Жеміс											130	
Айран										200		
Нан, шай												
2-ші күн												
Винегрет	5											
Картоппен бірге піскен сиыр еті		20					164			100		
Қырыққаба тпен бірге піскен омлет						1,5 шт				50		

Қарақұмық ботқасымен шницель					151							
Қанты бар шай										0,5		
Айран												200
4-ші күн												
Ірімшік, нан			25									
Маринадтағы балық					156							
Вермишельмен бауыр	15	15					133					
Қанты бар шай										0,5		
Айран												200
5-ші күн												
Ірімшік, нан			25									
Көкөністермен бұқтырылған картоп	15	15										
Макаронмен ет		25		0,25 д.	161							
Қанты бар шай										0,5		
Айран												200
6-шы күн												
Ірімшік, нан			25									
Көкөністен рагу	10								53			
Етпен құймақ	5	15		0,25 д.	164							
Қанты бар шай										0,5		
Айран												200
6 күнге жиыны	75	90	125	1,75 д.	806	156	133	63	53	3		1200
1 күнге дөңгелектелген	13	15	25	0,25 д.	150	25	25	10	10	0,5		200

№ 3 рацион бойынша емдік-профилактикалық тағамның таңертеңгі ыстық асының шамамен алты күндік таратылу мәзірі

Мәзір	Таратылу мәзірі №	Азық-түлік граммен				
		Қара нан	Нан	Печенье	Бидай ұны	Жарма макарондар
1-ші күн						
Нан, май, консервілер		100	100			
Макарон қосылып пісірілген сиыр еті	611				5	60

Қанты бар 2 стакан шай, печенье				50		
2-ші күн						
Нан, май, консервілер		100	100			
Қарақұмық ботқасымен бауыр	687				6	46
Қанты бар 2 стакан шай, печенье				50		
3-ші күн						
Нан, май, консервілер		100	100			
Тефтели күрішпен	726				12	60
Қанты бар 2 стакан шай, печенье				50		
4-ші күн						
Нан, май, консервілер		100	100			
Қуырылған ет бұшақпен	644					
Қанты бар 2 стакан шай, печенье				50		
5-ші күн						
Нан, май, консервілер		100	100			
Тары ботқасы мен қуырынды	665					60
Қанты бар 2 стакан шай, печенье				50		
6-шы күн						
Нан, май, консервілер		100	100			
Қарақұмық ботқасымен котлет	718					46
Қанты бар 2 стакан шай, печенье				50		
6 күнге жиыны		600	600	300	23	272
1 күнге дөңгелектелген		100	100	50	4	45

кестенің жалғасы

Азық-түлік граммен

Мәзір	Пияз	Томат пюресі	Сәбіз	Бұршақ	Қант	Мал майы	Сыыр еті	Бауыр	Балық консервілер	Шай
1-ші күн										
Нан, май, консервілер						10			53	
Макарон қосылып пісірілген сыыр еті	8		14		2,5	15	164			
Қанты бар 2 стакан шай, печенье					30					1,5
2-ші күн										
Нан, май, консервілер						10			53	
Қарақұмық ботқасымен бауыр						15		133		
Қанты бар 2 стакан шай, печенье					30					1,5
3-ші күн										
Нан, май, консервілер						10			53	
Тефтели күрішпен	40	5	10		2,5	15	154			
Қанты бар 2 стакан шай, печенье					30					1,5
4-ші күн										
Нан, май, консервілер						10			53	
Қуырылған ет бұршақпен				200		15	155			
Қанты бар 2 стакан шай, печенье					30					1,5
5-ші күн										
Нан, май, консервілер						10			53	
Тары ботқасы мен қуырынды	36	5				15	161			
Қанты бар 2 стакан шай, печенье					30					1,5
6-шы күн										

Нан, май, консервілер						10			53	
Нан, май, консервілер						15	100			
Қарақұмық ботқасымен котлет					30					1,5
6 күнге жиыны	84	10	24	200	185	150	734	133	318	9
1 күнге дөңгелектелген	15	2	6	35	32	25	130	25	130	1,5

№ 4 рацион бойынша емдік-профилактикалық тағамының таңертеңгі ыстық асының шамамен алты күндік таратылу мәзірі

Мәзір	Таратылу мәзірі №	Азық-түлік граммен								
		Қара нан	Нан	Бидай ұны	Жарма, макарондар	Картоп	Қырық қабат	Сәбіз	Қызылша	Пияз
1-ші күн										
Қаймақ қосылған сүзбе	485/1/2									
Қарақұмық ботқасымен бұқтырылған ет	626/767			4	46			5		5
Нан, май, шай		100	100							
Айран										
2-ші күн										
Ірімшік қосылған вареник	487			50						
Піскен ет қосылған картоп пісірмесі	696					300				21
Нан, май, шай		100								
Айран										
3-ші күн										
Ірімшіктен пісірілген пудинг	491				10					
Піскен ет көкөніспен	661/773					200		3	3	
Нан, май, шай		100	100							
Айран										
4-ші күн										
Ірімшік пісірмесі	492									
Картоппен суға пісірілген немесе	576					200				

Қаймақ қосылған ірімшік			25	101									
Піскен жұмыртқа					1 д.								
Қуырылған балық картоппен	15	15					216						
Нан, шай											0,5		
Айран												200	
5-ші күн													
Винегрет	15												
Жұмыртқа және картоп орамасы		15			1 д.	154							
Нан, шай											0,5		
Айран												200	
6-шы күн													
Пиязбен омлет		10			1 д.								
Макаронмен пияз қосылған бауыр	15	15											
Нан, шай											0,5		
Айран												200	
6 күнге жиыны	90	107	60		6 д.	633	216	133	63	-	3		1200
1 күнге дөңгелектелген	15	17	10		1 д.	100	35	25	10	-	0,3		200

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге емдік-профилактикалық тағам беру нормаларына 3-қосымша

Өндіріс сипаттамасына байланысты витаминдер беру

Витаминдерді беру емдік-профилактикалық тағам түрлерінің бірі болып табылады. Қара және түсті металлургиядағы ыстық цехтардағы жұмысшылар үшін, сондай-ақ тамақ өнеркәсібі өндірісінде – нан пісіру, табак-махорка өндірісінде осы Тізбеге сәйкес витаминдер беру көзделген:

Қызметкерлер санаты	Витаминдер атауы	Күндік мөлшері, мг.
1	2	3

1. Қоршаған ортаның жоғарғы температурасының және қарқынды жылу сәулелерінің әсеріне ұшырайтын қызметкерлер: 1) қара және түсті металлургия ұйымдарының домналық болат балқытатын, ферробалқыту, илемдеу және құбыр илемдеу, түсті және сирек кездесетін металдар құю өндірісінде тікелей айналысатын	Ретинол	А	2
	Тиамин	В1	3
	Рибофлавин В2		3
2) жидіту агрегаттарының машинистері және нан пісіру өндірісіндегі наубайшы	Аскорбин қышқылы-С		150
	Никотин қышқылы		20
2. Никотині бар шаң әсеріндегі табак-махорка және никотин өндірісінде жұмыс істейтін қызметкерлер	Тиамин-В1	Аскорбин қышқылы-С	2
			150

Тамақтану рационын витаминдермен байыту схемасы

Тамақтану рационы витаминдерді тағамдарға тікелей қосу (кристалл түрінде немесе майлы ерітінді-ретинол, токоферол) жолымен немесе 1-2 поливитамин дражесін беру жолымен байытылады.

Витамин ерітіндісі күн сайын, судың немесе тағамның белгілі бір көлемінде қажет мөлшері болатындай етіп дайындалады.

Витаминдердің су ерітінділері сақтауға келмейді.

Витаминдер ерітіндісін дайындауды жеңілдету үшін мына кестені пайдалану керек:

Адам саны	Сұйықтық мөлшері, мл.	Витамин С, дозасы:		Витамин В1	Витамин В2
		100 мг.	150 мг.		
1	2	3	4	5	6
1	4	100	150	3	15
5	20	500	750	15	75
10	40	1000	1500	30	150
50	200	5000	7500	150	750

Емдік-профилактикалық тағамның таңертеңгі ыстық асын алатындарға витаминді ерітіндіні шайына немесе кофесіне 1 шай қасықтан қосады.

Тек қана витаминдер берілетін жағдайларда оларды бірінші не үшінші тағамдарға қосады.

Витаминдерді жоғары температураның бұзуын болдырмау үшін оларды қайнап тұрған сорпаға, борщқа және т.б. салуға болмайды. Витаминдендіруді тағамдарды тарату кезінде жүргізеді.

А витаминін майға ерітеді және 1 адамға 2 мг. есебімен бірінші, екінші тағамдарға қосады (немесе 6600 и.е. артық).

А витаминінің әдеттегі майлы концентратында 1 мл. 100000 и.е. (15 адамға қажет мөлшерде) бар. Бір адамға мөлшері - осы концентраттың екі тамшысы.

Е витаминін мал майына ерітеді, екінші тағамдардың тұздығына қосады. Е витаминін қосу (дәріханадағы препараттың 5%-ы май ерітіндісінің 1 тамшысында 1 мг. бар) мына схемамен жасалады:

Адам саны	Мал майының мөлшері мг.	Құрамындағы Е витамині, мг.	Е витаминінің 5% май ерітіндісінің көлемі
1	2	3	4
1	5	10	10 тамшы
5	25	50	50 тамшы
10	50	100	1 шай қасық
50	250	500	5 шай қасық
100	500	1000	10 шай қасық

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК